

ЦЕМЕНТТІК ЫСҚЫЛАМА

PLITONIT COLORIT PREMIUM



Тақтайшалардың барлық түрлерінің арасындағы
**0,5-тен 13 мм-ге дейінгі тігістер үшін арматуралық
талшықтары бар серпімді ысқылама**

- ГОСТ Р 58271 бойынша CG2 WAE ең жоғары ысқылама класы
- 8 сағаттан кейін үстімен жүруге болады
- «Жылы еден» жүйелері үшін
- Зең мен көгеруге қарсы биоцидтік тосқауыл

Қолданылу саласы:

Ішкі және сыртқы жұмыстарға арналған тақтайшалардың барлық түрлерінің (керамикадан, керамограниттен, клинкерден, мозаика және шыны тақтайшалардан, табиғи және жасанды тастан жасалған қабырға мен еден тақтайшалары) арасында 0,5-тен 13 мм-ге дейін болатын тігістерге арналған зеңге қарсы әсері бар серпімді түсті су өткізбейтін ысқылама. Тамаша гидрофобты қасиеттері тігіс құрылымына су мен кірдің енуіне жол бермейді (жуынатын бөлмелер мен дәретханалар үшін идеалды). Саңырауқұлаққа қарсы тосқауыл тігісте саңырауқұлақтар мен зеңдердің пайда болуына жол бермейді. Ысқылама жарықтардың түзілуіне қажағыш жүктемелерге жоғары төзімді, ГОСТ Р 58271 бойынша CG2 WAE класына сәйкес су сіңіргіштігі төмен (тақтайшалар тігістерін ысқылауға арналған қоспалар, жоғарылатылған талаптарға сай: су сіңіргіштігі төмен (W), үйкеліске төзімділігі жоғарлатылған (A), ұзартылған қызмет ету мерзімі (E)). Деформацияға, жоғары атмосфералық және температуралық (жылы едендер), әсерлерге ұшырайтын негіздерде қолдануға болады. Көлемі 180 м³ дейін жабық бассейндердегі тігістерді ысқылау үшін қолданылады. Ол тұрғын үйлер және қоғамдық ғимараттар мен құрылыстарды, соның ішінде білім беру мекемелерін, балалар, мектепке дейінгі, мектеп және емдеу мекемелерін (соның ішінде емдеу-профилактикалық және санаториялық-курортты) салу мен жөндеуде қолданылады.

Техникалық сипаттамалар

- Класс CG2 WAE
- Сыртқы және ішкі жұмыстар үшін
- Тігіс 0,5-13 мм
- 8 сағаттан кейін үстімен жүруге болады
- 24 сағат өтпегенше су тигізуге болмайды
- Қоспаның өміршеңдігі 3 сағат
- Пайдалану барысындағы беттің температурасы – +70°C-қа дейін
- Жылы едендерді қосу – 3 тәулік

- Үйкеліске төзімділігі 1000 мм³-тан артық емес
- Мұздату мен ерітудің 25 циклынан кейінгі қысу кезіндегі төзімділіктің шегі 15 Мпа-дан кем емес
- Аязға төзімділігі F100
- Жарамдылық мерзімі 24 ай.

Материалды тұтыну шығысы

Тақтайша тігісінің еніне, өлшемі мен қалыңдығына байланысты 0,3-1,2 кг/м².

Материал шығынын есептеу формуласы (кг/м²) = $\frac{(L+b) \cdot s \cdot a \cdot 1,5}{L \cdot b}$, мұндағы L - тақтайшаның ұзындығы, мм; b – тақтайша ені, мм; s – тақтайшаның қалыңдығы, мм; a – тігіс ені, мм

Есептелген материал шығыны жұмыс кезіндегі материалдық шығынды есепке алмайды және жұмысты орындаушының кәсіби шеберлігіне байланысты өзгеруі мүмкін.

Жұмысты жүргізу шарттары

Жұмыс кезінде және кейінгі 3 тәулікте ауа, негіз бен тақтайшаның температурасы, +5 ° С-тан + 30 ° С-қа дейін болуы керек. Ерітінді қоспасының температурасы жұмыстарды жүргізу барысында +10°С-тан +30°С-қа дейін болуы керек. Пайдалану температурасы +70°С-қа дейін. Сыртқы жұмыстарда тігістің беті атмосфералық жауын-шашыннан жұмыстарды атқару кезінде және кейінгі 24 сағаттың ішінде қорғалуы керек.

Негізді дайындау

Тегістеуге арналған негізді кірден және шаңнан тазалаңыз, қабыршақтанған бөлшектерді кетіріңіз. Ысқыланатын тігіс тереңдігі тақтайша қалыңдығының кем дегенде жартысынан аз болмауы керек. Желімдік ерітінді қоспасының өндірушісімен белгілеген мерзімде тігістерді тегістеңіз.

Ерітінді қоспасын дайындау

Құрғақ қоспаны араластыру үшін ауыз су құбырынан суды пайдалану керек. Араластырудағы ара қатынас: 1 кг құрғақ қоспаға 0,30-0,36 л су қажет (2 кг-ға 0,6-0,72 л). Құрғақ қоспаны бөлме суының алдын ала өлшенген мөлшеріне құйыңыз, бөлме температурасында электр араластырғышты немесе саптамасы бар электр бұрғыны пайдаланып (айналу жылдамдығы 600 айн/мин дейін болу керек) 2-3 минут бойы біртекті консистенцияға дейін араластырыңыз. Ерітінді қоспасын 5 минутқа қалдырыңыз және қайтадан араластырыңыз. Қайта араластырған кезде жоғарыда көрсетілген қатынастың максималды мәніне дейін суды қосуға рұқсат етіледі. Дайын ерітінді қоспасын пайдалану уақыты 3 сағаттан аспайды (азынақ жел мен жоғары температура бұл уақытты азайтады).

Жұмыс тәртібі

Тігістерді толтырмас бұрын, тақтайшалардың бетін дымқыл жөкемен тазалаған жөн. Тігістер тақтайша қалыңдығының кем дегенде 2/3 бөлігіне дейін тақтайша желімінен тазартылуы керек. Дайын ерітінді қоспасын тақтайшаларға резеңке шпательмен немесе үккішпен жағыңыз, тігістерге қатысты қиғаш қозғалыстармен таратып, тақтайшааралық тігістердің толығымен толтырылуына дейін тығыздаңыз. Тақтайшалардың тігістерін тазалау: 10-30 минуттан кейін (тақтайшалардың суды сіңіруіне, қоршаған ортаның температурасы мен ылғалдылығына байланысты) қапталған бетті диагональ бойынша тігіс торына дейін сәл дымқыл жөкемен сүртіңіз немесе поролонды қабаты бар үккішпен сүртіңіз.

Тігіс беттерінің сумен шамадан тыс қанығуы және оларды интенсивті сұрту ерітінді қоспасының жуылуына және ерітінді түсінің өзгеруіне әкелуі мүмкін. Сұрту үшін қолданылатын су таза болу үшін оны жиі ауыстырып тұру керек. Тақтайша бетін кепкен жұғыннан тазалау құрғақ жұмсақ шүберек көмегімен жасалады.

Назар аударыңыз

Еденмен Тігістерді ысқылағаннан кейін еденмен 8 сағаттан кейін ғана жүруге болады. 24 сағат өтпегенше су тигізуге болмайды. Тігістерді ысқылағаннан кейін 3 тәуліктен соң жылы едендерді қосуға рұқсат етіледі. Жұмыстарды орындау кезінде сіз жалпы құрылыс жұмыстарын жүргізу нұсқауларын және құрылыстағы қауіпсіздік шараларын басшылыққа алуыңыз керек. Ысқыламаны сатып алған кезде партия нөміріне назар аударыңыз, себебі түс реңкі партиядан партиядан өзгеруі мүмкін. Түс реңкі мен біркелкілігіне келесі себептер әсер етуі мүмкін: тақтайшаларды ең басында құрғақ тәсілмен плиткаларды тазалау; төмен ылғалдылық және жоғары температура; күн сәулесінің тікелей түсуі және өтпе жел; тігіс тереңдіктерінің түрлі болуы; араластыруда судың артық дозалануы және оның сапасы; негіздегі артық ылғалдылық; тақтайшалардың бүйір беттерінің түрлі сіңіргіштігі; біркелкі араластырылмаған қоспа. Тігістерді жағу алдында тақтайшалардан ысқылама қоспасының қаншалықты жақсы жуылатынын тексеру үшін зерленбеген және кедір-бұдырлы тақтайшалар арасындағы тігістерді сынамалы түрде толтыру керек. Жұмыстар өндірісінің барысында қоспаны мезгіл-мезгіл араластыру ұсынылады. Дайын қоспаға қосымша суды қосуға тыйым салынады. Тот басқан құралды қолдануға рұқсат етілмейді.

Сақтық шаралары

АБАЙЛАҢЫЗ

Қоспа ГОСТ 12.1.007 бойынша қауіптіліктің 4 санатына (қауіп төмен заттар) жатады.

- Теріге тиген кезде жеңіл тітіркенуді тудырады. Көзге тиген жағдайда тітіркенуді тудырады

· Қолданар алдында өнімді пайдалану жөніндегі нұсқаулықты оқып шығыңыз.

· Жұмыс кезінде қолғапты, арнайы киімді және көзді қорғау құралдарын пайдаланыңыз.

· Жұмыстан кейін қолдарыңызды және бетіңізді жақсылап жуыңыз.

· Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз!

- **КӨЗГЕ ТИГЕНДЕ:** Бірнеше минут бойы сумен мұқият шайыңыз. Контактілі линзаларды қолдансаңыз және оны шешу оңай болса, шешіңіз және көзіңізді шаюды жалғастырыңыз. Көздің тітіркенуі сақталса, медициналық көмекке жүгініңіз.

Құрамы

Минералды толтырғыш, портландцемент, полимерлік қосымшалар, пигмент, армирлеуші талшықтар

Тасымалдау және сақтау шарттары

Жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес жабық көліктерде тасымалдаған жөн. Ылғалданудан сақтайтын және орамның сақталуын қамтамасыз ететін жағдайларда жабық, құрғақ бөлмелерде сақтаңыз

Өндірушінің кепілдігі

Өндіруші тұтынушының тасымалдау, сақтау шарттарын және осы нұсқаулықтың нұсқауларын сақтаған кезде қоспаның техникалық шарттар талаптарына сәйкес келетініне кепілдік береді. Өндіруші материалмен жұмыс технологиясын сақтамағаны үшін жауапты емес, сондай-ақ оны осы нұсқаулықта көзделмеген мақсаттар мен шарттарда пайдалану үшін жауапты емес. ГОСТ Р 8.579-2002 сәйкес нетто массасынан ауытқу. Өнімді азаматтық құрылыстың барлық түрлерінде қолдануға рұқсат етіледі ($A_{eff} < 370$ Бк/кг, NRB-99/2009 SanPiN 2.6.1.2523–09 сәйкес). ТУ 23.64.10-133-51552155-2021, ГОСТ Р 58271 бойынша дайындалған.

ӨНДІРУШІ:

ООО “Эм-Си Баухеми” Ресей, 197373 Санкт-Петербург қ., Авиаконструкторов даңғ. 35 үй, 4 корп., 202 оф. Тел./факс: +7 (812) 327-44